Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 20 қараша 2026 жыл

Батуми мұнай терминалы жүк ауыстырып тиеу көлемінің өсуіне қарамастан энергия тұтынуды төмендетуде

2026 жылдың 10 айында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Батуми қаласындағы шетелдік активі – «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ (БМТ) электр энергиясын тұтынуды өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 млн 979 мың кВт·сағатқа немесе 21,35%-ға қысқартты.

Бұл ретте мұнай өнімдерінің барлық түрін ауыстырып тиеудің бір тоннасына шаққандағы энергияның үлестік шығыны 0,79 кВт·сағат/тоннаға немесе 25,93%-ға төмендеді.

Есепті кезеңде БМТ табиғи газ тұтынуды 4 млн 558 мың м³-ке азайтты. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 44,88%-ға төмен.

Қара мұнай өнімдерінің бір тоннасын ауыстырып тиеуге жұмсалатын газдың үлестік шығыны 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,1 м³/тоннаға немесе 31,97%-ға қысқарды.

2026 жылғы қаңтар-қазан айларында БМТ энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларын іске асыру нәтижесінде қол жеткізілген экономикалық тиімділік 1 млн 836 мың АҚШ долларын құрады.

Энергия ресурстарын тұтынудың қысқаруына БМТ өндірістік белсенділігінің артуы жағдайында қол жеткізілгені ерекше назар аудартады. Атап айтқанда, 2026 жылғы қаңтар-қазан айларында терминал арқылы мұнай құйылатын жүктерді ауыстырып тиеу көлемі 1 млн 572 мың тоннаны құрады. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 38,5 мың тоннаға немесе 2,5%-ға артық.

БМТ энергия тиімділігін арттыру және энергия ресурстарын пайдалануды оңтайландыру бағытындағы жүйелі жұмысын жалғастыруда. Бұл іс-шараларды іске асыру өндірістік шығындарды азайтуға, операциялық тиімділікті арттыруға және кәсіпорынның тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. Компанияның ұзындығы 5,2 мың шақырымды құрайтын әртараптандырылған магистральдық мұнай құбырлары желісі бар. Сонымен қатар басқа ұйымдардың жалпы ұзындығы 5 мың шақырымнан асатын құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ – «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 100 пайыз еншілес ұйымы. БМТ арқылы компанияның Грузиядағы өндірістік активтеріне тікелей иелік ету және оларды басқару жүзеге асырылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ
баспасөз қызметі